

Ақмола облысының елді мекендер аумағында жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қазандағы № А-10/480 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 2015 жылғы 21 қазандағы № 5С-42-3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 қарашада № 5106 болып тіркелді.

Ескерту. Бірлескен қаулы мен шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 27.06.2023 № А-7/254 және Ақмола облысы мәслихатының 27.06.2023 № 8С-3-8 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы және шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 10-бабы 1-тармағына сәйкес Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақмола облысының елді мекендер аумағында жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары осы бірлескен әкімдік қаулысының және мәслихат шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 27.06.2023 № А-7/254 және Ақмола облысы мәслихатының 27.06.2023 № 8С-3-8 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы және шешімімен.

2. "Ақмола облысының елді мекендер аумағында жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 18 қыркүйектегі № А-10/437 қаулысының және Ақмола облыстық мәслихатының 2012 жылғы 18 қыркүйектегі № 5С-6-4 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3449 тіркелген, "Арқа ажары" және "Ақмолинская правда" газеттерінде 2012 жылғы 2 қазанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Ақмола облысы әкімдігінің қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының шешімі Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі
Ақмола облыстық мәслихаты
сессиясының төрайымы
Ақмола облыстық
мәслихатының хатшысы

С.Кулагин
Е.Мащинская
Д.Нұрмолдин

№ А-10/480 қаулысына
қосымша
Ақмола облыстық мәслихатының
2015 жылғы 21 қазандағы
№ 5С-42-3 шешіміне
қосымша

Ақмола облысының елді мекендер аумағында жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 04.07.2024 № А-7/318 бірлескен қаулысының және Ақмола облысы мәслихатының 04.07.2024 № 8С-11-30 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Елді мекендердің атауы	1 шаршы метр үшін теңгемен төлемақының базалық ставкасы	Тиісті өңірдің қалған елді мекендері үшін базалық ставкадан пайызы
Көкшетау қаласы	1050	25
Қосшы қаласы	2400	70
Степногорск қаласы	800	20
Щучинск қаласы	550	
Зеленый бор ауылы		60
Молбаза ауылы		60
Ключевое ауылы		40
Ақылбай ауылы		30
Бурабай ауданының қалған елді мекендері		15
Бурабай кенті	1120	
Оқжетпес ауылы		55
Сарыбұлақ ауылы		50
Ақкөл қаласы	870	
Ақкөл орман шаруашылығы	609	70
Айдарлы ауылы	609	70
Кеңес ауылы	609	70
Талқара ауылы	609	70
Еңбек ауылы	261	30
Жалғызқарағай ауылы	261	30
Қына ауылы	261	30
Домбыралы ауылы	261	30
Наумовка ауылы	261	30
Новорыбинка ауылы	261	30
Урюпинка ауылы	261	30
Азат ауылы	261	30

Ақкөл ауданының қалған елді мекендері	131	15
Атбасар қаласы	516	15
Державин қаласы	181	30
Ерейментау қаласы	307	25
Есіл қаласы	298	20
Макинск қаласы	440	20
Степняк қаласы	184	40
Аршалы кенті	340	
Жібек жолы ауылы		120
Жалтыркөл ауылы		90
Қостомар ауылы		80
Елтоқ ауылы		70
Михайловка ауылы		60
42 разъезд		60
Арнасай ауылы		60
Бабатай бекеті		60
Аршалы ауданының қалған елді мекендері		40
Шортанды кенті	300	
Бозайғыр ауылы		100
Төңкеріс бекеті		90
Научный кенті		80
Дамса ауылы		80
Шортанды ауданының қалған елді мекендері		40
Ақмол ауылы	550	
Қараөткел ауылы		90
Қоянды ауылы		90
Талапкер ауылы		90
Қабанбай батыр ауылы		70
Қызыл суат ауылы		90
Қызылжар ауылы		70
Шұбар ауылы		70
Нүресіл ауылы		50
Қаражар ауылы		70
Софиевка ауылы		50
Рақымжан Қошқарбаев ауылы		40
Ыбырай Алтынсарин ауылы		70
Қажымұқан ауылы		40
Аққайың ауылы		55
Арайлы ауылы		40

Нұра ауылы		40
Өтеміс ауылы		40
Целиноград ауданының қалған елді мекендері		30
Астрахан ауылы	138	40
Балкашино ауылы	180	40
Егіндікөл ауылы	124	40
Зеренді ауылы	350	25
Жақсы ауылы	141	40
Қорғалжын ауылы	128	40

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК